

Женевадағы (Швейцария Конференциясы) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бөлімшесі мен басқа халықаралық ұйымдар жанында Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 4 желтоқсандағы N 2664

1. Қазақстан Республикасының халықаралық байланыстарын нығайту мен дамыту, Женевадағы (Швейцария Конференциясы) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бөлімшесі мен басқа халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан өкілдері жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Женевадағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бөлімшесі мен басқа халықаралық ұйымдар жанында Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Женевадағы (Швейцария Конференциясы) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бөлімшесі мен басқа халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасы Тұрақты Өкілдігінің штат кестесі мен шығыс сметасын анықтайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті